

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті білім берудегі үздік тәжірибелер негізінде адами капиталдың сапасын арттыруды өзінің басты миссиясы деп санайды.

Университеттің сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты – халықаралық және ұлттық сапа стандарттарына, аккредиттеу талаптарына, білім алушылардың, жұмыс берушілердің және қоғамның үміттеріне сәйкес үздіксіз даму мен жетілдіруді қамтамасыз етуге бағытталған:

- Білім беру бағдарламаларын жаңарту және заманауи педагогикалық технологияларды енгізу арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, білім сапасын бағалаудың тиімді жүйесін енгізу, академиялық басқаруды жетілдіру;
- Оқу процесінде цифрлық технологиялар мен онлайн платформаларды кеңінен қолдану және университеттің ақпараттық жүйелерін жаңғырту;
- Студенттік өзін-өзі басқаруды, оларды қоғамдық жұмысқа тартуды және еріктілер қозғалысын дамытуды іске асыру, инклюзивті білім беру ортасын жетілдіру және инфрақұрылымды жақсарту мен кампус ортасын дамыту;
- Ғылыми жобалар саны мен оқытушылардың халықаралық рейтингтік басылымдарда жариялану белсенділігін арттыру, жас ғалымдарды қолдау, халықаралық ғылыми қауымдастықпен ынтымақтастықты нығайту және зерттеу нәтижелерін коммерцияландыруды дамыту;
- Жергілікті және халықаралық ұйымдармен әріптестікті дамыту арқылы оқытушылардың тағылымдамадан өту, білім алушылардың тәжірибеден өту және жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейту;
- Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен және қос дипломды бағдарламалар санын арттыру, шетелдік университеттердің филиалдарын ашу, академиялық ұтқырлықты ынталандыру, халықаралық аккредитациялардан өту;
- Бәсекеге қабілетті бакалаврларды, магистрлерді және PhD философия докторларын даярлау бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту мақсатына жету үшін адами және өзге де ресурстарды үйлестіру;
- ЖОО қызметкерлері мен білім алушылардың мәртебесін арттыру мақсатында қызметкерлер мен білім алушыларды ынталандырудың тиімді жүйесін құру және жұмыс пен оқу жағдайларын үздіксіз жақсарту.

Университет басшылығы осы «Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты» жүзеге асыру және оны университеттің ұжымының түсінуі мен қолдануын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде қаралды және бекітілді. Басқарма «28»/10 2025ж.

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Басқарма төрағасы – ректордың у.м.а.

Басылым 1 № _____ көшірме



Нұртаев Ә.Н.
Енгізу мерзімі «28»/10 2025ж.